

# KASE

## АПТАЛЫҒЫ

27 – 30 қараша,  
2017

### KASE ОҚИҒАЛАРЫ


- ▲ KASE 13 желтоқсанда компанияның қаржы және заң бөлімшелері үшін "Қор нарығының негіздері" оқу бағдарламасын [өткізеді](#).
- ▲ 2017 жылдың 04 желтоқсанында KASE сауда-саттық жүйесінің жаңа нұсқасы [іске қосылды](#). Онда KASE "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" акционерлік қоғамымен бірлесіп жаңа форматтарды әзірлеген.
- ▲ KASE 2017 жылдың 01 қарашасынан 08 желтоқсаны аралығындағы кезеңде акциялар нарығында жеке инвесторлар арасында байқау [өткізеді](#). Іс-шараны өткізу Қазақстандағы биржалық акциялармен сауда-саттықты әйгілі етуге бағытталған. Байқауға Қазақстан қор биржасында жұмыс істейтін, брокерлік компаниялардың клиенттері болып табылатын жеке тұлғалар қатыса алады. Байқаудың жеңімпазы болып акциялармен мәміле жасау кезінде максималды табыс тапқан үш қатысушы танылады. Жеңімпаздар бағалы сыйлықтармен марапатталады.
- ▲ 28 қарашада KASE 2017 жылдың желтоқсан және 2018 жылдың қаңтар айларына бірінші, екінші және үшінші акциялар тізіміндегі тізімдерді [қалыптастырды](#). Жаңартылған ұжатқа сәйкес өтімділігі бірінші сыныптағы акциялардың тізіміне "Банк ВТБ" БАҚ акциялары енгізілді. Сонымен, өтімділігі бірінші сыныптағы акциялардың жалпы саны 20-ға жетті.

### ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- ▲ "ҚазМұнайГаз" Барлау Өндіру" АҚ Standard & Poor's агенттігінің компанияның ұзақ мерзімді несие рейтингін "BB-" деңгейіне дейін төмендеткені туралы [хабарлады](#), болжам "Тұрақты".
- ▲ "Банк "Bank RBK" АҚ 30 қарашада Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырған банктік сектордың қаржылық тұрақтылығын арттыру Бағдарламасы аясында, Қазақстан қор биржасында 15 жылдың субординациялық облигацияларын орналастыра отырып, кірістілігі жылдық өтімділігі 4,0079 % 30,0 млрд теңгені [тартты](#).
- ▲ "Кселл" АҚ жалғыз акционерінің "AP-Телеком" ЖШС еншілес ұйымын ерікті түрде тарату туралы шешімі туралы [хабарлады](#).
- ▲ 100% мемлекетке тиесілі Қазақстан Республикасының ұлттық даму институты "Қазақстан даму Банкі" АҚ ("БРК"), 2017 жылдың 04 желтоқсанынан бастап, Citi, Halyk Finance және J.P. Morgan бірлескен Букраннері ретінде Қазақстанда және Еуропада инвесторлармен бірнеше кездесулер ұйымдастыруға [өкілдендірді](#). Нарықтық шарттарға байланысты, S Қағидасына ("Regulation S") сәйкес орналастырылған, айналым мерзімі 3 жылдан 5 жылға дейін, АҚШ долларымен жүзеге асырылатын төлемдер, теңгеге номинацияланған қамтамасыз етілмеген Еурооблигациялардың шығарылымы күтілуде.

KASE Индексі бір аптада 2,06% төмендеп, 2 057,28 нүктені құрады. Сонымен, Индекс екі апталық өсімді қайтарып, 9 жылдық максимум деңгейінен шегініс жасады. Осы аптада индекске кіретін барлық акциялар төмендеді.

**KASE индексінің акциялары**



**Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі**



30.11.2017

KASE Индексі	2 057,3	Трендтер (%)	
Өтімділіктің бірінші сыныбы	Цена	Δ 7д	Δ 1м
Банк Астаны	1 300,0	6,3	5,5
Bank of America	9 271,3	3,81	-1,4
Сбербанк (Россия)	1 315,0	1,7	16,5
Казакхтелеком (прив.)	8 755,0	0,6	6,8
БАСТ	56 358,0	0,1	-1,4
QAZKOM	140,0	0,00	-16,2
АЗМ	12 220,7	-0,2	-0,8
Народный банк	81,6	-0,3	5,3
KEGOC	1 363,4	-0,8	-4,8
Банк ЦентрКредит	198,1	-0,9	21,9
КазТрансОйл	1 327,0	-1,0	0,5
Казакхтелеком	20 300,0	-1,5	2,2
Аэрофлот (Россия)	903,4	-1,7	-14,3
Газпром (Россия)	747,0	-1,8	1,1
Kcell	1 721,8	-2,1	-5,2
РД КазМунайГаз	22 470,0	-3,0	10,2
QAZKOM (прив.)	93,0	-4,1	-11,1
KAZ Minerals	3 430,0	-5,4	-4,8
РД КазМунайГаз (прив.)	10 664,0	-10,4	42,2

Kaz Minerals акциялары осы аптада мыстың баға белгілеу тренді төмендеп, аутсайдерлер қатарында болды. Желтоқсан айындағы мыстың фьючерс бағасы ағымдағы аптаның 3 күнінде бір тоннаға 3,5% дейін 6 737,5 АҚШ долларын құрады, ал компания акциялары жұмыс күндері 5,4% дейін төмендеп, 3 430,00 теңгені құрады.

Барлау Өндіру акциялары бір аптада S&P агенттігінің эмитенттің несие қабілеттілігінің рейтингілік бағасын төмендеткені туралы жаңалығын ескермей, тек қана жұма күні қазақдардың бағасы айтарлықтай төмендеді. Апта қорытындысы бойынша мұнай компанияларының үлестік қағаздары 3,0% дейін арзандап, 22 470,00 теңгені құрады.


Осы аптада Қаржы Министерлігі Қазақстан қор биржасында облигациялардың үш шығарылымын 8,9%-бен орналастыру арқылы 25,3 млрд теңге тартты.




Бір аптада валюталық своп операцияларымен кірістілігі 59 б.н. дейін төмендеп, жылдық 9,58% құрады. Репо сегментінде кірістілігі 89 б.н. дейін төмендеп, жылдық 9,29 % құрады.

ҚР Ұлттық Банкі нарықта артық өтімділікті тартып алуға жалғастыра отырып, бір аптада биржадан тыс әр түрлі айналым мерзімімен 7 шығарылым ноттарын орналастырды. 7 күндік ноттар бойынша кірістілігі өзгерген жоқ, жылдық 9,25%, орналастыру көлемі 615 млрд теңгені құрады. 28 күндік ноттар бойынша мөлшерлеме жылдық 9,41 % құрады. Орналастыру көлемі 128,5 млрд теңге. Жартыжылдық ноттар бойынша кірістілігі жылдық 9,11 % құрады. Орналастыру көлемі 23 млрд теңге. 12 айлық ноттар бойынша мөлшерлеме жылдық 8,72 % деңгейінде, орналастыру көлемі 30,0 млрд теңге. Жиынтық сұраным ұсынымнан 16% артты, бір апта бұрын сұраным ұсынымнан 10% артты.

### Инфляция және пайыздық мөлшерлеме




### Ұлттық Банктің ноттарды апталық орналастыруы



\*АҚШ долларымен барлық валюталық своп операциялары бойынша орташа сараланған кірістілігі.

### Тәуекелсіз қысық кірістілігі




Апта қорытындысы бойынша доллар бағамы алғаш рет ұзақ құлдыраудан кейін өсімі 0,25% -ға артып, 0,83 теңгеге өсіп, 331,22 теңгеге жетті. 4 күнде сауда-саттық көлемі 697,7 млн АҚШ долларын құрады, ол өткен аптамен салыстырғанда 10% аз. Теңге салықтық кезеңнің аяқталуы себебінен, сондай-ақ ОПЕК+ мәмілесі шарттарын қайта қарастыру жағдайында әлсіреді.

Бір аптаның ішінде рубль 3 тиынға нығайды, алайда жұма күні оның бағасы түсіп, бір аптада ресей валютасы 0,0089 теңгеге төмендеп, 5,6499 теңгені құрады. Бір апта бұрын сауда-саттық көлемі 34% дейін төмендеп, 162,6 млн рубльді құрады. Нарық үшін негізгі оқиғалардың бірі АҚШ-тағы салық реформасы болып отыр. Заң жобасы бойынша Сенатта дауыс беру 30 қарашаға жоспарланып отыр, ол қабылданған жағдайда доллар нығайып, төуекел активтері - әлсірей түседі.

Сауда-саттық көлемі 0,5 миллион еуропа валютасының бағамы бір аптада 1,12 теңгеге өсіп, 393,30 теңгені құрады. Юань бағамы 50,08 теңге бағамында тоқталды.

**Шет ел валюталарының бағамы динамикасы**  
Δ %, база (01.01.17)



	Бағамы	Δ 7к, %	Δ 30к, %	Δ 2017, %
— GBPKZT	444,19	+1,6	+1,0	+8,4
— USDKZT	331,61	+0,4	-0,7	-0,5
— EURKZT	393,42	+1,4	+1,2	+11,6
— CNYKZT	50,25	+0,6	-0,1	+4,6
— RUBKZT	5,69	+1,6	-1,6	+4,8

Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.

**Brent мұнай құны**  
USD/баррель





Халықаралық индекстер

Атауы	Мәні	Тренд %			Фьючерс
		7к	1а	1ж	7к
S&P 500	2 647,58	1,7	2,8	20,4	2,1
Dow Jones	24 272,35	3,0	3,8	26,9	3,4
PTC	1 131,56	-3,0	1,6	10,0	-2,7
ММББ	2 100,62	-2,8	1,8	-0,2	-2,7
Hang Seng	29 177,35	-2,3	3,3	28,0	-1,7
SS CSI 300	4 006,10	-2,4	0,0	13,2	-3,5
Euro Stoxx 50	3 569,93	-0,3	-2,8	17,0	0,2
FTSEuroFirst	4 292,00	0,1	-1,8	11,8	-0,2
FTSE 100	7 326,67	-1,1	-2,2	8,0	-1,1
KASE	2 057,28	-2,1	0,7	54,9	

Шикізат нарығы

30.11.2017

Атауы	Бағасы	Тренд %	
		7к	1а
Мұнай	63,57	-0,5	3,6
	57,40	-2,6	5,6
Табиғи газ	3,03	7,5	4,5
Мыс	303,70	-4,2	-2,1
Темір	521,00	4,7	18,0
Алтын	1 275,01	-1,0	0,3
Күміс	16,38	-3,6	-1,9
Астық	409,25	-1,6	-2,2

Экономикалық оқиғалар күнтізбесі

	Валюта	Болжам	Алдыңғы
05.12 ISM-нің өндірістік емес секторындағы PMI (қараша)	USD	59,1	60,1
06.12 Ауылшаруа-тан тыс жұмысшылардың саны ADP (қараша)	USD	190K	235K
06.12 Шикі мұнай қоры	USD		-3,429M
07.12 ECB Draghi басшысының сөзі	EUR		
08.12 Ауылшаруа-тан тыс жұмысшылардың саны (қараша)	USD	200K	261K
08.12 Жұмыссыздық деңгейі (қараша)	USD	4,1%	4,1%
08.12 Рубль алыпсат. позия-дың жай-күйі туралы CFTC есептемесі	RUB		

Анықтама: Күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптаның экономикалық неғұрлым маңызды оқиғалары

B – миллиард  
M – миллион  
K – мың

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

	Мәні	Күні	Жыл басына
Жылдық инфляция	7,7 %	01.11.17	8,5 %
ҚР ҰБ Жалпы халықаралық резервтері, млн USD	31 844	01.11.17	29 530
Қаржы базасы, млрд KZT	5 690,8	01.11.17	5 162,2
Қаржы массасы, млрд KZT	19 825,6	01.11.17	19 912,6

Қазақстанның несие рейтингі

	Рейтинг	Күні	Алдыңғы
	BBB-тұрақты	08.09.17	BBB- негативті
	Вaa3 тұрақты	26.07.17	Вaa3 негативті
	BBB тұрақты	20.10.17	BBB тұрақты



## "Қазақстан қор биржасы" АҚ

**Мекен-жайы:** Қазақстан Республикасы,  
050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ  
«Almaty Towers»

**Тел.:** 8 (727) 237 53 00




**Корпоративтік веб-сайт**



**Бізбен байланысыңыз**



**Листингілік компаниялардың  
корпоративтік оқиғалар  
күнтізбесі**



"Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі, . KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл , дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді . KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар;
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген.. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламын жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап;
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.

Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.